

Бас редакторы: Қайрат Есенбекұлы Серкебаев	<i>Наменова Минара Серикгалиевна</i>3
Редакция алқасы: Тлеугазин Берік Серікұлы Нұрмаханов Санжар Нұржанұлы	<i>Исабекова Алмагуль Шайкуловна</i>5 <i>Аманова Айнагуль Маликовна</i>7
Редакция мекен-жайы: Алматы қаласы, Аскарова 10	<i>Калиева Кулаш Избергеновна</i>9
Редакция телефоны: +7 707 222 00 38	<i>Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы</i>12
Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі №KZ87VPY00045023 куәлігі	<i>Кулбаева Нургул Нурмухановна</i>15
Айына 1 рет қазақ, орыс, ағылшын тілінде шығады.	<i>Ермаханова Жанат Токмырзакызы</i>18
Теруге 31.01.2023ж берілді Басуға 02.02.2023ж қол қойылды Таралымы 1000 дана	<i>Киякбаева Айгул Бекназаровна</i>22
Журнал «САМҒАУ» Ғылыми-әдістемелік орталығында басылды	<i>Шамуратова Бибигул Ивановна</i>26
	<i>Баймырзаева Турсынай Коктаубаевна</i>28
	<i>Кошкарова Жанаргул Отесиновна</i>30
	<i>Оспанова Алмагуль Сериковна</i>32
	<i>Дарибаева Женисгул Махамбетжановна</i>34
	<i>Дукалова Айгерим Бакбергеновна</i>36

Құрметті оқырман!

«Өнегелі ұрпақ» республикалық журналының 01.30 саны қолдарыңызға тиіп отырған сәтті ұтымды пайдалана отырып, өздеріңізбен, біздің қасиетті, киелі шаңырағымыз туралы айтып өткенді дұрыс көріп отырмын.

Біздің білім ордасы «№75 жалпы білім беретін орта мектебінің» алғаш шымылдығы 2019 жылы қыркүйек айында ашылды. Ақтөбе қаласы, Украинка елдімекенінде орналасқан бұл білім ошағы, көптің күткен қуанышты жаңалығы болды.

Мектебіміз типтік 2 қабаттан тұратын 300 оқушыға арналған. Мұнда, жалпы 18 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті және зертханасы, 1 химия кабинеті және зертханасы, 1 биология кабинеті және зертханасы, 1 география кабинеті, 2 информатика кабинеті, 1 робототехника кабинеті, 1 ағылшын тілі кабинеті, технология ер балалар үшін 1 кабинет, технология қыз балалар үшін 1 кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы және 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы 102 орындық. Мәжіліс залы – 78 орындық.

Шаңырағымызда 2019 жылғы ашылған шақта - 296, 2021 оқу жылында – 353 оқушы болса, қазіргі таңда, 490 білім алушы тәрбиеленуде.

Мектебімізде, қазіргі таңда, 47 мұғалім жұмыс жасайды, оның 42 жоғары білімді, 5 арнаулы орта білімді. Мұғалімдеріміздің біліктілік санатына тоқталар болсам, қазіргі таңда, 5-педагог-зерттеуші, 6-педагог-сарапшы, 16-педагог-модератор, 1-жоғары санатты, 3-бірінші санатты мамандар қызмет етеді. Шәкірт тәрбиелеп отырған, мұғалім әріптестерім жаңа оқу жылында жыл сайын заман ағымына сай, біліктілік курстарына, түрлі коучинг, семинарларға үздіксіз қатынасып, түрлі зияткерлік сабақтар мен байқауларды ұйымдастырып отырады. Ұстаздар қауымы, оқушыларға терең білім мен тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Сөз соңында, әріптестеріме болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолында еңбектеріне толағай табыс пен жеңісті күндеріңіз көп болсын дегім келеді.

ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ- ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Наменова Минара Серикғалиевна

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Музыка пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз сапалы білім, саналы тәрбие беруді ұлттық тәрбиеден қарастыруды тиімді деп есептеуіміз қажет. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс еуропа мен американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орыны ерекше екені белгілі. Осыны ескере келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысу керек.

Бүгінгі күні барша қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндет білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдардың ұлттық тәрбие құндылықтарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіндік ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру.

Себебі Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан ұлттық тәрбие негізінде оқушылардың бойына ұлттық сезімді қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой - пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын - жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану.

Оқушылардың ішкі дүниесін, оның рухани – адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы –адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік

идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда. Егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық тәрбиесі айқын көрінуге тиіс.

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Оқушыларға ұлттық тәрбие беру кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілік пен дамып, қалыптасады. Қазақ этнопедагогикасы - өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан оқушылар ұлттық тәрбие құндылықтарымен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие беруіміз керек. Ұлттық тәрбие құндылықтар құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тағы басқалар.

Әлемдегі барша халықтың өкілдері - өз бойындағы барлық асыл қасиеттері мен құндылықтарын өскелең ұрпағының санасына сіңіруді ғұмыр бойына мақсат етіп келеді. Классикалық жазба әдебиет пен халықтық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тартымды кейіпкерлердің бойындағы ізгілік, махаббат, бақыт, өмір мен бостандық үшін күрес, әділдікті, шыншылдықты, адалдықты жақтау, елін, жерін сүю, еркіндік пен адам құқын қоғау, біріншіден әр ұлттың бойындағы бар асыл қасиет болып саналса; екіншіден ол барлық ұлттарға, бүкіл өркениетті адам баласына тән гуманистік қасиет.

Елбасы атап өткендей әлемнің дамыған 50 мемлекеттерінің алғы көшінен көрінуге бағытталған ұлы мұратының бірі – сапалы білім мен саналы тәрбиені бойына жиған дарынды тұлғаның қалыптасуы екені анық. Өскелең ұрпақтың өзінің туған Отанына деген шынайы сезімі, ұлттық мақтанышы, азаматтық жауапкершілігінің оянуы – ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асары хақ.

Ұлттық тәрбие құндылықтарын ұрпақ санасына жеткізетін қазақ тілі мен әдебиет пәні ұстаздардың еншісінде.

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАҢА АМАЛДАРЫ



Исабекова Алмагуль Шайкуловна

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Биология пәні мұғалімі

Бақылау мен басшылық барысында негізгі ұстанымым: SMART EDUCATION - мектеп жағдайында білім беруді басқарудың жаңа бағытын басшылыққа алу

Мектепшілік бақылау жүргізу барысындағы стратегиялық қадамдар:

1.Басқарудағы ТРИАНГУЛЯЦИЯ(қабылданатын шешімге жан-жақты келу: педагогикалық ұжым, оқушылар,ата-аналар және мектеп әкімшілігі)-тамыз айында жаңа оқу жылына арналған оқу процесін жоспарлауда қолдану

- Оқу жоспарындағы вариативті бөлікті таңдау барысында ата-аналар мен оқушылардың сұраныстарын ескеру(сауалнама)

- Мектептің материалдық базасын ескеру (мектептің шаруашылық меңгерушісімен бірлесе)

- Мектептің цифрлық ресурстарын ескеру(ақпараттық меңгерушімен бірлесе)

1.COOGLE форма арқылы Телеграмм каналымен кері байланыс жүргізу барысында оқу жоспарындағы вариативті бөлік жоспарланды

2.Өткен оқу жылындағы бастауыш сыныптардың оқу үрдісіне SWOT талдау жүргізе отырып бақылау мен басшылықты ЖОСПАРЛАУ

2020-2021 оқу жылындағы бастауыш сынып бірлестігінің жұмысына

SWOT талдау

Басымдылық	Әлсіз жақтары
• Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби деңгейінің өсуі	• Бастауыш сынып түлектерінің ақпараттық-цифрлік білім деңгейінің төмендігі • Бастауыш сынып оқушыларының көркем әдеби кітап оқу белсенділігінің төмендігі • On-line сабақтарының жеткілікті дәрежеде жүргізілмеуі
Мүмкіндіктер	Кедергілер
• Мектеп тренерлері арқылы басқа мектеп ұстаздарымен байланыс • Мектеп ұстаздары оқу-әдістемелік құралдар шығару	• Қашықтықтан оқу барысына көшуде оқушылардың АКТ құралдарымен толық қамтылмауы

3.Бақылау жүргізуде ДЕЛЕГИРЛЕУ стратегиясы (мектеп әкімшілігі бақылау мен басшылық барысында өкілеттігін жауапты адамдарға беру) «БЕЛСЕНДІ ТОП» құру

- Бастауыш сыныптар бойынша бірыңғай каллиграфиялық талаптардың сақталуы,оқушының каллиграфиясын бақылау, кері байланыс арқылы түзету жұмыстарын жүргізу

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік – инновациялық жұмысын бақылау, кері байланыс арқылы түзету жұмыстарын жүргізу

- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының сапасы, модерация үдерісін бақылау,кері байланыс, түзету жұмыстарын жүргізу

- Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылығын бақылау, базалық білім деңгейіне мониторинг жүргізу

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің, оқушыларының психологиялық хал-ахуалын зерделеу, кері байланыс арқылы түзету жұмыстарын жүргізу

4. 3-сыныптардың кешенді тексерілуі

Мерзімі:қазан айы

Бақылаудағы алға қойған SMART –мақсат:

SMART –мақсаттар МАТРИЦАСЫ

Сынып оқушыларды бақылау	Ұстаз қызметін бақылау
1. білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану; 2. сыни тұрғысынан ойлау; 3. зерттеу жұмысын жүргізу; 4. ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; 5. Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану; 6. топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білуін бақылау	- оқыту материалын дайын күйде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, алға қойған міндеттерді түсіндіру; - оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын қарастыруын бақылау

Кешенді бақылау жүргізуде мекептің робототехника кабинетіндегі АКТ құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының негізгі пәндерден базалық білім деңгейлері ТЕСТІЛЕУ әдісімен сараланды.

5.Бақылау қорытындысы бойынша КЕРІ БАЙЛАНЫС

Әр сынып бойынша бақылау қорытындысы бойынша матрица және психологтың зерттеу картасы мұғалімнің жеке электрондық почтасына және ТЕЛЕГРАМ каналындағы парақшасына жіберіледі

6.3-сыныптардың фронталды тексеру қорытындысы бойынша РЕЙТИНГ шығару

Сынып	Қазақ тілі	Математика	Дүниетанымы	Жазу каллиграфиясы	Оқу жылдамдығы	Көбейту кестесі
3 «А»	81%	79%	80%	84%	78%	81%
3 «Ә»	79%	80%	82%	87%	82%	78%
3 «Б»	76%	78%	79%	74%	76%	74%

7.ЫНТАЛАНДЫРУ (уәж туғызу) және КОРРЕКТИРОВКА (түзету жұмыстары) енгізу

- Фронталді тексеру қорытындысы бойынша жоғары нәтиже көрсеткен ұстаздарды мектеп сайтындағы «ЖЕТІСТІКТЕР ВИТРИНАСЫНА» орналастыру

Төмен білім сапаны көрсеткен сыныптарға қосымша жұмыс кестесі белгіленеді

БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ - АТА-АНАСЫ



Аманова Айнагуль Маликовна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Музыка пәні мұғалімі, педагог-модератор

Еліміздің тарихындағы болашағы зор бетбұрыстың өзекті мәселелерінің бірі - бала тәрбиесі. Яғни, жас ұрпақтың тәрбиесі, оларды еңбекке және өмірге даярлау, олардың өмірге деген белсенділігін, көзқарасын қалыптастыру, дамыту, жеке басының өзіндік қабілетін қалыптастыру. Осы бір жауапкершілігі мол күрделі істі іскерлікпен шешкенде ғана дұрыс нәтиже беретіні сөзсіз. Қай қоғамда болмасын білім беру мәселесі сол қоғамның мүддесіне сай, экономикасын ілгері дамыта алатын, қабілетті де ұлтжанды, Отанын сүйетін азамат тәрбиелеуді көздейтіні белгілі.

«Адамның тағдыры тәрбиемен шешіледі» деп В.Белинский бала тәрбиесіне ерекше мін беріп, тәрбиенің арқасында болашақ азамат тағдырының негізгі мәселесі шешілетінін білгірлікпен айтқан. Бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ. Бүгінгідей әлеуметтік желі, кибербуллинг, қауіпті интернет жайлаған, ақпараттың жан-жақты келеңсіз құбылыстармен жайлаған уақытында жас жеткіншектерді адамгершілікке баулудың маңызы зор. Ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «баланың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесіктен бастаған абзал» десе, ұлы Абай: «адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайды білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дейді. Демек, бала тәрбиесі тек мұғалімдердің ғана ісі десек, қателік болар. Бала күйсандық болса, оның кілті тек мұғалімде ғана емес, ата-ананың қолында болуы тиіс деп білемін. Ата-ана өз-өзін сыйлауға, күтуге, құрметтеуге қанша күш жұмсаса, балаларын сыйлауға, құрметтеуге екі есе күш жұмсау керек, өйткені сол жұмсалған еңбек, күштің нәтижеі ата-анаға маңызды.

Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып, жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адам бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруіне құштарлығының оянуы, жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, мұғаліміне, ата-ана, құрбы-құрдастарына және де басқа да қасиеттеріне байланысты.

Кешегі мен бүгінсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақтың сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, еңбекқор болуы, қыздың әдепті, ақылды болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге-өсиетін күнделікті өмірде де дұрыс, ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын. Өйткені дәл қазіргі уақыт әр баланың тәрбиені отасы мүшелерінен емес, әлеуметтік желіден көбірек алатынына қынжылатын уақыт болып отыр. Отбасындағы салт-дәстүр туралы әңгімелер, тыйым салу балаға қызық болмаса да, үнемі, ұтымды пайдалану ата-ананың шеберлігінде деп ойлаймын.

Әке-шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алп өседі. Бұл сөздерді жиі естісек те, «жақсы әке-шеше» деген сөз қандай мағына беретінін түсіндіре алмаймыз. Әке-шеше болатын адамдар жақсы ата-ана болу үшін арнайы әдебиеттерді оқу немесе тәрбиенің ерекше тәсілдерін үйрену керек деп ойлайды. Әрине, педагогикалық және психологиялық білім керек, бірақ бұл әдетте жеткіліксіз болып табылады. Адамның қандайда бір іс-әрекетін бағалағанда, көбінесе, біз белгілі бір нормалармен идеяларға сүйенеміз, тәрбие іс-әрекетінде мұндай нормалар жоқ. Әйел болуды, күйеу болуды үйренген тәрізді немесе қандайда бір жұмыста шеберлікке үйренген тәрізді әке-шеше болуды да үйренеміз. Жақсы әке-шеше болуды қандай да бір әрекет түрінде қателіктер, сенімсіздіктер, сәтсіздіктер, жеңілістер сонымен қатар жеңістер де болуы мүмкін. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады. Және де біздің жүріс-тұрысымыз, тіпті, біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде қарама-қайшылықта болып келеді.

Ұлы орыс педагогі А.С.Макаренко «Біздің балалар – қарттығымыз. Жаман тәрбие - болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы кінәміз» деген екен. Сондықтан, ата-ана, ұстаздар болып, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру тәжірибесін есте ұстағанымыз абзал.

«Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», деді Қасым–Жомарт Тоқаев. Жаңа Қазақстанда қоғам мүддесіне сай, жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті болып табылады. Жігерлі, еңбекқор, жан-жақты ұлдарымыз бен ибалы, ұстамды, талғампаз қыздарымыз көп болсын!

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



Калиева Кулаш Избергеновна

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

1917 жылдың қазан-қараша айларындағы Ресейдегі саяси өзгерістер Алаш қозғалысы мен Алаш партиясының қайраткерлеріне жаңа міндет жүктеді. Алаштың мемлекеттік құрылымы - Ресей құрамындағы Алаш автономиясы мен үкіметі деген пікір Алаш партиясының бағдарламалық жобасында нақты көрініс тапқан еді. II жалпықазақ съезінде Ұлт Кеңесін құру мәселесі басқа да өзекті мәселелермен қатар қойылған. Бұл іс жүзінде Қазақстандағы саяси билікті қолға алатын дербес мемлекеттік құрылым құру деген сөз. Сонымен, іргелес аймақтарда қалыптасқан саяси жағдайлар, Алаштың қайраткерлеріне саяси өмірдің күрделі қойнауынан қазақ қоғамын сүріндірмей алып шығу міндетін жүктеген еді.

1917 ж. желтоқсандағы II жалпықазақ съезі ұлттық мемлекеттілікті құруға байланысты негізгі мәселелерді қозғағаны мәлім. Съездің күн тәртібіне қойылған он мәселенің арасында мынадай аса маңызды мәселелер де бар еді: 1. Қазақ автономиясы; 2. Милиция; 3. Ұлт кеңесі; 4. Ұлт қазынасы; 5. Халық соты; 6. Ауылдық басқару.

Съезд бұл мәселелер бойынша Әлихан Бөкейхановтың Х.Ғаббасов, М.Шоқаев, Ж.Досмұхамедовтің баяндамалары мен жарыссөзде сөйлеген сөздерін тыңдады.

Жалпы автономия жариялауда 2-ші жалпықазақ съездерінің өкілдері екіге бөлінген. Бір бөлігі (33 адам) ресми түрде қазақ автономиясын дереу, съезд үстінде жариялау керек деп тас салып дауыс берсе, екінші бөлігі (42 адам) қазақ автономиясын жариялауды Алашорда үкіметі шешсін деп тас салып дауыс берген. Дауыс беру қорытындысына қарамай бірінші бөлік топ өкілдері келіп отырған облыстардың (Орал, Сырдария, Бөкей ордасы) Түркістан автономиясына кіретіндігін мәлімдейді. Осындай қазақ халқы үшін шешуші жағдайда съезд екі топқа да тиімді ымыралы қаулы қабылдайды. Онда: "1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Қазаққа қосып алады, қосып ала алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді. 2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына автономия иғлан етуге, ерікті. 3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, һәм кім өз күнін өзі көреді. 4. Егер Түркістан қазағы бір айдай бізге қосылса автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін". Осы қаулы заң бойынша бір айдан кейін күшіне енуі қажет деп табылды[1,85].

Алашорда Алаш автономиясының Ұлт Кеңесі құрамына 15 адам сайланды. Алашорданың төрағасы баламалы түрде сайланды. Оған үш кандидатура ұсынылды: Әлихан Бөкейханов, Бақыткерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев жасырын дауыс беру нәтижесінде Ә.Бөкейханов 40 дауысқа, А.Тұрлыбаев 20 дауысқа, Б.Құлманов 19 дауысқа ие болды. Әлихан Бөкейханов көп дауыс алып Алаш автономиясының үкіметі Алашорданың төрағасы болып сайланды.

Тарихқа Алаш автономиясы мен оның Уақытша Ұлттық Кеңесі «Алашорданың» дүниеге келгені мәлім болды. Бүкіл қазақ қауымының басын ұлттық-территориялық автономия аясында біріктіру мақсатында автономияның өзін жариялау 1918 жылдың қаңтар айының 20-нан кейін іске асырылды. Алашорда өзінің уақытша орталығы Семей қаласына қаңтар айының соңына қарай кетіп орналасқанға дейін бұл өңірдің қоғамдық-саяси жағдайға қатысты өз көқарастарын анықтап жатты. Қалалық Думаның 5-қаңтардағы (1918 ж.) мәжілісінде Гласный Кузин Дума мүшелерінің назарын қазақ комитетінің өтінішіне аудартады. Онда Қазақ Комитетінің Қазақстанда ұлттық-территориялық автономияның толықтай жүзеге асуы мүмкін деген саяси көзқарасы келтірген болатын. Бұл факті қалалық Дума мүшелеріне саяси күштің дүниеге келгенін анық байқатты.

II Жалпықазақ съезі қаулысына сәйкес ұлттық-территориялық Қазақ автономиясы 1918 ж. 28 қаңтарда "Сарыарқа" газеті арқылы ресми түрде жарияланды.

Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса. Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын тандап алды. Сондықтан олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырды. Ә.Бөкейханов 31 қазақ автономиясы құрыла сала, "Қазақ" газеті арқылы зиялы қауымға былай деп жар салды! ... Ресей мемлекеті енді

жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айырылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт, қызметін таза атқар. Жалпы жұртқа мұрындық бол!". Ал екінші жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-территориялық мемлекетін құру туралы шешіміне саяси баға бере келіп, Ә.Бөкейханов кейінірек (1919 ж. 11 ақпанда) былай деп мәлімдеген: "Съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархиямен болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады. Сол кезде Ресейде орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы - большевизммен күрес тұрды". Әлихан Бөкейхановтың тікелей жарлықтарында Алаш әскери жасақтауға қатты көңіл бөлінді. Алаш әскері жасағын 30 атты милицияны алуды және оның материалдық жабдыкталуы сол болыстықтарға тікелей тиесілі екендігі көрсетілді.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта жүзеге асырылды. "Свободная речь" газетінің 1918 ж. 162, 164, 165 сандарындағы хабарламалары Алашорда атты әскерін ұйымдастыру мен жабдықтауда Ә.Бөкейханов пен Х.Тоқтамышевтың басшылық қызметін жақсы қырынан көрсеткен.

"Мемлекет билеу түрі" мәселесінде II бүкілқазақтық съезд өкілдерінің екі пікірде болғандығы байқалады. Оған "Қазақ" газетіндегі "Учредительное собрание һәм оның істейтін ісі", деген дерек Богачов А. және С.Зиманов пен К.Нүрпейісовтың Алаш һәм Алашорда. пікірлері дәлел. Солай бола тұрса да, съезд "Қазақ облыстары ұлттық-территориялық автономия алуға тиіс" деген шешімге келді[2,276].

"Съезд құрамына 6 облыс қазақтары енетін Алаш автономиясы жарияланып, ал оны ресми жариялау кейінге қалдырылды. Оның себебін М.Дулатов "...арамыздағы анасы басқа жұрттармен сөйлеспей жариялап жіберсек, көршілерімізбен арамыз қандай болып кетпесіне көзіміз жетпеді. Бұл сақтық орынды екеніне жұрттың көзі енді жетіп отыр", -деп түсіндіреді [3,656.]. Әскер түрі атты әскер болатындықтан, тұсында атты қазағы бар Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында түрлі деңгейде жұмыстар жүргізілді. Алашорда үкіметінің алғашқы кезде казачествомен тығыз байланыс орнатып, ортақ жау большевизмге қарсы күрсесте бір бағытта болғандығын Ә.Бөкейхановтың Орынбордағы С.Қадырбаевқа жолдаған "қару-жарақ, әскер шығынын үйрететін офицер туралы Дутовпен хабарлас деген жедел хаты және атаман Дутовтың Алашорда үкіметін құттықтап Ә.Бөкейхановқа жолдаған жедел хаты дәлелдейді[4,2816].

Автономияның елге түсетін салмағының ең ауыры — қазына жинау ісі болды. "Пұл жағынан істі тоқтатпастың жалғыз-ақ шарасы — ақшаны қазір қарызға алу, жұрттан ақша жиналған соң орнына салу. Олай болса Орданың өзі де, жергілікті комитеттері де қарызға берілетін ақшасы бар жерлерді қарастыру" идеялары да көтерілді. Мұндағы мақсат ұлт қазынасы жиналғанға дейінгі уақытты бос жібермей, ұтымды пайдалану еді.

Алаш жетекшілері Сібір, Самара (Комуч) үкіметтеріне, Уфа директориясына сенім артып, біртутас мемлекет ретінде Алаш автономиясын мойындайды деп үміттенді. Соған орай Алаш автономиясын ресми тану жөнінде өтініштер жасап, әр түрлі деңгейде көмек беруді сұрайды.

Уфа мемлекеттік мәжілісінен (8 қыркүйек, 1918 ж.) автономияға ұмтылған халықтардың бәрі де үмітті еді, бірақ ол үміттері ақталмады. Уақытша жалпы Ресей үкіметінің 1918 ж. 4 қарашадағы жарлығы бойынша Алашорда үкіметі таратылып, оның орнына қазақтардың мәдени-тұрмыстық және экономикалық мұқтаждарын қанағаттандыру ісін басқаратын Алаш жөніндегі Бас өкіл тағайындалды. Мұндай жарлықтар Алашордадан басқа Сібір, Орал, Башқұрт, Самара сияқты облыстық үкіметтер туралы да шықты.

Алашорда үкіметі 2-ші жалпы қазақ съезінің шешімдеріне сөйкес 1918 жылы 11-24 маусымында заңдық күші бар 8 пунктен тұратын қаулы-қарарлар қабылдады. Соған орай Колчак үкіметінің Ішкі істер министрі А.Гатгенбергер Ә.Бөкейхановқа бірнеше рет жеделхаттар жолдап, "Алашорда" шығарған жарлықтарды, жасаған заңдарды ала келіңіз," - дейді. Ә. Бөкейханов қазақ большевиктеріне қарсы нақты күрес жүргізуді назардан тыс қалдырмады. Оның С.Қадырбаевқа жолдаған "қазақтан шыққан большевиктерге еш рақым қылмаңыз" деген жедел хатынан Алашорда үкіметінің ісі қатаң тәртіпке негізделгені байқалады. Қазақ большевиктерінің іс-әрекеттері басқа облыстармен салыстырғанда Семей мен Орал облыстарында басымырақ болды. Солармен күресу мақсатында 1918 жылдың 8 маусымында "большевик заманында Алашқа қастық ойлап, зияншылық қылғандарды тергеуге "военно-полевой сот" ашу жөнінде, одан кейін 1918 ж. 31 шілдесінде "ерекше қазақ соты мен тергеу комиссиясын құру жөнінде қаулы қабылдайды[5,296-2976.].

Қазақ қоғамындағы мұндай жіктеліс заңды құбылыс. Ұлт өкілдерінің бұл әрекетін қазақ автономиясына жету жолындағы тандауынан деп түсініп, объективті бағалауымыз керек. Екіншіден, олар автономия ісінде қазаққа қажет ұлт тұтастығына нұқсан келтірді. М.Дулатовтың сөзімен айтқанда, "Орынбордағы съездің қаулысы жұртқа мәлім. Бірақ бұл қаулы орындалмады. Бұған екі түрлі себеп болды: 1) орыс һәм қазақтан шыққан большевиктердің кесірі, 2) елдің салақтығы Алашорданың аяғынан тік тұрып кетуіне осындай жағдайлар кедергі жасады.

20-ж.ж. Қазақстанда большевиктік ұлттық саясаттың негізінде шешуді мақсат еткен территориялық мәселе маңызды болды.

Қазақ ұлтшылдарының көзқарасын көптеген жадидшілер бөлісті, сондықтан жаңа өкімет оны ескермей қалған жоқ. Саяси бағыты келіспеседе, алғашқы кезеңде соның мүддесіне жағына білу қабілеттілігін көрсетті. Ол кезде большевиктер либералды модельге ене білді. Осы уақыт шеңберінде ешқандай психологиялық қайшылық байқалмады. "Мұсылман лидерлері өздерінің ұлттық мәдениетіне шынайы берілген, отаршылыққа ашық түрде қарсы тұра білетін шынайы коммунист ретінде көрсете білді. Олар пантюркистер болды. Бұл терминдер арасында қайшылық болмады. Интернационализмді шынайы көрсеткен өздерінің большевик жолдастарына сенді.

Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметінің қайраткерлері саяси мәселеде Алаш автономиясын мойындауды бірінші орынға қойды, Алашорданың позициясын көрсете білді.

ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА



Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 «№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
 Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Мақсаты: Математикалық ұғымдар мен іс - әрекет тәсілдерін оқып үйрету және білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту;
- Ауызша және жазбаша кестелік қосу, азайтуды үйрету;
- Кестелер, тірек сызбалар арқылы жұмыс істеуді меңгерту;
- Шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың логикалық ойын дамыту;

Бағдарламаны оқудағы білім, білік дағдылары

Білу:

- Заттарды санай білу;
- Қайсысы артық немесе кем екенін айта білу;
- Заттар тобын көз мөлшермен санау арқылы және сәйкестендіру арқылы салыстырту;
- Геометриялық фигуралардың атауларын білу;
- Есепті шеше білу;
- Логикалық тапсырмалармен жұмыс жасай алу;

Қолдана алу:

- ауызша және жазбаша есептеуді талдау ;
- өз бетінше есептің қысқаша шартын жазу;
- математикалық терминдерді қолдана алу;
- геометриялық фигураларды ажырату

Күтілетін нәтиже:

- Бағдарламаны оқыту барысында заттарды санауды игеру;
- Қосу, азайтуды, жазуды, оқуды, салыстыра отырып талдау;
- Геометриялық фигураларды бір – бірінен ажырату;
- Қосу мен азайтудың қасиеттерін дәлелдеу;
- Логикалық есептерді шешудің жолын табу;

Бағдарламаның мазмұны

Қарапайым түсініктер (6 сағат) Математика курсының негізгі объектісі сан және олармен орындалатын арифметикалық амалдарды оқытып үйретуге арнайы және жүйелі дайындық жұмысы жүргізіледі.

1 – 10 көлеміндегі сандар (2 сағат) Оқытып үйретудің маңызды міндеті – сан және цифр жайында түсінік қалыптастыру, осыған орай сандардың атауларын және олардың сәйкес цифрлармен белгіленетіндігін игерту, цифрларды жазу дағдысын қалыптастыру. Санның атауын оқушылар естиді және айтады, ал цифрды көреді және жазады. Жаңа санды бұрыннан белгілі сандармен салыстыру, ең кіші бір таңбалы және ең үлкен бір таңбалы санды анықтау;

Қайталау (1 сағат) Оқытудың негізгі нәтижелерін тиянақтап, бекіте түседі және олардың қай деңгейде игерілгендігін анықтауды жүзеге асырады;

Сандар әлемі туралы ертегі (2 сағат) Оқушылардың ой қиялын шығармашылығын дамыту; Өз қиялынан оқиғалар құрастыруға бейімдеу;

Санамақтар (1 сағат) Санамақтар арқылы оқушылардың тілдерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру;

Ойлан, тап (1 сағат) Баланың қызығушылығын, ынтасы мен ықыласын туғызып белсенділігін арттырады;

Қосу, азайтуға байланысты көңілді есептер (2 сағат) Ойын элементтері мен қызықты ізденіс сәттерін тиімді қолдану қажеттігін туғызу, өзіндік іс - әрекетке, ақыл ойының дамуына түрткі болады;

Қайталау сабағы (1 сағат) Қорытындыны нәтижесі - іс әрекет жасауға жаттығу;

Геометриялық фигуралар сыр шертеді (3 сағат) Заттың пішінін бағамдау геометриялық фигураларды ажыратуға, бөліктерге бөлу, бөліктерден фигура құрау, топтау көзделінеді;

Жұмбақ есептер (3 сағат) Жұмбақ есептер арқылы қызықтырып, зейінін қалыптастыру;

Өрнектер (3 сағат) Санды өрнектер мен әріпті өрнектерді ажырату, есептеуге машықтандыру;

Қайталау (1 сағат)

Логикалық есептер (3 сағат) Есеп ұғымының бір мәнді белгісін оқушыларға аңғартатын жұмыс түріне жатады. Сурет бойынша әңгіме құрастырып үйренеді;

Он көлеміндегі сандарды қосу, азайту (2 сағат) Ауызша қосып, азайтуға машықтандыру;

Геометриялық фигура (2 сағат) Әр алуан практикалық жұмыстарды орындауға негізделеді;

Қайталау (1 сағат)

Математикадан таңдау курсы

«Математика әлемі»

Реттік №	Тоқсан бойынша №	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
I - тоқсан (9 сағ)			
1	1	Қарапайым түсініктер	1
2	2	Қарапайым түсініктер	1
3	3	Қарапайым түсініктер	1
4	4	Мөлшер және сан	1
5	5	Мөлшер және сан	1
6	6	Мөлшер және сан	1
7	7	1 – 10 көлеміндегі сандар	1
8	8	1 – 10 көлеміндегі сандар	1
9	9	Қайталау сабағы	1
II – тоқсан (7 сағ)			
10	1	Сандар әлемі туралы ертегі	1
11	2	Сандар әлемі туралы ертегі	1
12	3	Санамақтар	1
13	4	Ойлан, тап	1
14	5	Қосу, азайтуға байланысты көңілді есептер	1
15	6	Қосу, азайтуға байланысты көңілді есептер	1
16	7	Қайталау сабағы (16 - сабақ)	1
III – тоқсан (10 сағ)			
17	1	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	1
18	2	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	1
19	3	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	1
20	4	Жұмбақ есептер	1
21	5	Жұмбақ есептер	1
22	6	Жұмбақ есептер	1
23	7	Өрнектер	1
24	8	Өрнектер	1
25	9	Қайталау	1
IV – тоқсан (8 сағ)			
26	1	Логикалық есептер	1
27	2	Логикалық есептер	1
28	3	Логикалық есептер	1
29	4	Он көлеміндегі сандарды қосу, азайту	1
30	5	Он көлеміндегі сандарды қосу, азайту	1
31	6	Геометриялық фигура	1
32	7	Геометриялық фигура	1
33	8	Қайталау (34 сабақ)	1

Күні: _____

Пәні: Қызықты математика

Сабақ тақырыбы: «Заттарды салыстыру»

1 - тапсырма

Санды салыстыр және теңестіріп сал

2 – тапсырма

Шайнек қанша болса, сонша кесе сал

3 – тапсырма

Аз ба? Көп пе?

4 – тапсырма

Заттарды салыстыр

5 – тапсырма Бірдей екі фигураны тап

6 -тапсырма Бірдей екі фигураны тап.

7 – тапсырма

Суретте неше тіктөртбұрыш, неше ұшбұрыш бар?



ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫП ҰЖЫМЫНА БЕЙІМДЕЛУГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ



Кулбаева Нургул Нурмухановна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Психолог, педагог-модератор

Баланың мектепке алғашқы кезеңде болуы, оның жаңа жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мезгілі болып табылады. Баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуі туралы айта отырып, балалар ұжымына бейімделуі туралы сұраққа тоқтала кеткен жөн. Әдетте, бұл процестегі қиыншылықтар балабақшаға бармаған, әсіресе отбасындағы жалғыз өскен балаларда кездеседі. Егер бұл балаларда құрбыларымен қарым-қатынаста жетерліктей тәжірибе болмаса, онда олар сыныптастарынан және мұғалімдерден үйде қалыптасқан қарым-қатынасты күтуі мүмкін. Сондықтан, мұндай балалар үшін жағдайдың өзгеруі жиі стресске әкелуі мүмкін, себебі, мұғалім барлық балаларға бірдей қарап, оған өзінің көңілін бөлмесе, оған аяушылық жасамағандай сезінеді, ал сыныптастары мұндай балаларды көшбасшы есебінде қабылдауға асықпайды және оған көңілдері келмейді. Егер біршама уақыттан кейін құрбыларымен қарым-қатынаста әртүрлі тәжірибелері жоқ балалардың ата-аналары олардың мектепке келгісі келмейтіндігімен, сонымен қатар, оны барлығы ренжітетіндігі, ешкім тыңдамайтындығы туралы, мұғалім баланы жақсы көрмейді деп шағымданса, онда қалуға болмайды. Мұндай шағымдарға адекватты түрде жауап беруге үйрену қажет.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың бастапқы жеке басын қалыптастырудың қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Баланың бастапқы жеке басын қалыптастыру үшін біз ең алдымен балаларды мектепке бейімдеуіміз қажет. Мектепке бейімделу кез-келген мектеп жасындағылар үшін өзекті мәселе болып табылады, ал бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше маңызды. Себебі, баланың бастапқы іс-әрекетінің түрі өзгереді, бала тап болған әлеуметтік тап өзгереді. Бала тек қана сыныбына ғана емес, жалпы мектебіне, мұғаліміне, сондай-ақ мұғалімнің өзі жаңа оқушыларына бейімделуіне тура келеді.

Баланың оқу процесіне, мектепке бейімделуі 2-3 аптадан алты айға дейін созылуы мүмкін. Бұл көптеген факторларға байланысты: баланың индивидуалдық ерекшеліктері; басқалармен қарым-қатынасындағы ерекшеліктері; оқу орнының типі және баланың мектеп өміріне дайындығының деңгейі. Бұл жерде балаға ересектердің, яғни ата-анасының қолдауы қажет.

Бастауыш мектеп жастағы мектеп оқушысының жетекші іс-әрекеті оның мінез-құлық мотивтерін елеулі түрде өзгертетін, оның танымдық және адамгершілік күштерін дамытудың жаңа көздерін ашатын - оқу болады. Мұндай қайта өзгеріс процесінің бірнеше кезеңдері бар. Ол, әсіресе, баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуінде айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан даярланған. Олар мектепке үймен немесе балабақшамен салыстырғанда, бөлек жаңалықтарды күте отырып, қуана барады. Баланың бұл ішкі позициясы екі жағдайда маңызға ие. Алдымен, мектеп өмірінің жаңалығын алдын ала сезіну және қалау баланың сыныптағы мінез-құлық ережелеріне, жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларына, күн тәртібіне қатысты мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, мектеп талаптарына бейімделу процесінің бұзылыстары да орын алуы мүмкін. Оларды дезадаптация деп атайды.

Дезадаптацияның формаларының жіктелуі мектептегі бейімделу процесінің бұзылуына орай мынадай түрде көрінеді :

1. Оқу әрекеттерінің элементтерінің қалыптаспауы;
2. Оқу мотивациясының қалыптаспауы;
3. Мінез-құлқын, зейінін, оқу іс-әрекетін ерікті реттеу қабілетсіздігі;
4. Мектеп талаптарын меңгерудегі қиыншылықтары.

Мектепке келу баладан ойлаудың дамуының қандайда бір деңгейін, қарым-қатынас дағдыларын, мінез-құлқын ерікті реттей алуын талап етеді. Мектептегі адаптациялану деңгейін бағалау төмендегідей блоктардан тұрады:

1. Интеллектуалдық даму көрсеткіші - жоғары психикалық функциялардың даму деңгейінен тұрады: мәлімет, оқуға қабілет баланың ақыл-ой іс-әрекетін өзіндік реттеу қабілеті;

2. Эмоциялардың даму көрсеткіштері - баланың эмоционалдық - экспрессивтік даму деңгейін, олардың жеке тұлғалық өсуін көрсету;

3. Коммуникациялық дағдыларының қалыптасу көрсеткіштері (7 жастағы дағдарысқа байланысты психологиялық қайта құрылуын ескере отырып, өзін-өзі бағалау және тартымдық деңгейін анықтау);

4. Мектеп жасындағы даму кезеңіндегі баланың мектептік сауаттылық деңгейі;

Баланың барлығы өмірлік әрекеттің жаңа жағдайына табысты түрде бірдей бейімделмейді. Психолог ғалым Г.М.Чуткина өз зерттеулерінде балалардың оқыту процесіне, мектепке бейімделуінің үш деңгейін атап көрсетті:

I. Бейімделудің жоғарғы деңгейі.

Бірінші сынып оқушысы мектепке жағымды қатынаста, қойылған талаптарды адекватты қабылдайды, оқу материалдарын жеңіл меңгереді, бағдарлама материалдарын игере алады және толық меңгереді, күрделі тапсырмаларды шеше алады, бұйрықтарды, мұғалімнің айтқанын зейін қойып тыңдайды, берілген тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз орындайды, оқу жұмыстарын өз бетінше орындауда үлкен қызығушылық көрсетеді (үнемі барлық сабақтарды орындайды); қоғамдық жұмыстарды еркімен, ұқыпты орындайды, сыныпта жағымды, статусты орынға ие. Адаптациялануы жоғарғы деңгейдегі балаға сипаттама беретін болсақ, балалар мектепке даяр, 7 жастағы дағдарысты басынан өткізген бала сипаттамасымен сәйкес келеді, себебі, еріктің, оқу мотивациясының, мектепке жағымды қатынасының, коммуникативті дағдының дамығандығы көрінеді.

II. Бейімделудің орта деңгейі.

Бірінші сынып оқушысы мектепке жағымды қатынас құрады, мектеп балаларға жағымсыз әсер тудырмайды, оқу материалын түсінеді, егер мұғалім оқу материалын тиянақты және көркем түсіндірсе, оқу бағдарламасының негізгі мазмұнын меңгереді, типтік міндеттерді өз бетінше шешеді; тапсырмаларды, ересектердің бұйрықтарын орындау кезінде зейіні тұрақты, дегенмен оны бақылап отыру қажет. Қоғамдық жұмыстарды өз еркімен орындайды, көптеген сыныптастарымен достық қарым-қатынаста болады.

III. Бейімделудің төмен деңгейі.

Бірінші сынып оқушысының мектепте құлқы жоқ, денсаулығын себеп етіп сырқаттанып қалу арызы жиірек болып тұрады, көңіл-күйінің жоқтығы басым келеді, тәртіп бұзушылық байқалады, мұғалімнің түсіндірген материалдарының кейбір бөліктерін ғана меңгереді. Оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуге қиналады, өз бетінше тапсырмаларды орындау барысында қызығушылық пен белсенділік танытпайды, сабаққа үнемі дайындалмайды, ересектер мен мұғалімдер үнемі бақылау жасап отыруы қажет.

Жағымды факторлардың қатарына - өз жағдайында өзін-өзі бағалауы адекватты, жанұясында тәрбие әдісі дұрыс жолға қойылған, отбасында конфликтілік жағдаяттардың болмауы, құрбы-құрдастарының арасында жағымды статусының болуын айтамыз.

Баланың мектепке бейімделуде әсер ететін жағымсыз факторлар – отбасы жағдайында тәрбие әдісінің дұрыс болмауы, үлкендермен қарым-қатынасы қанағаттанарлықсыз, ата-ананың білім деңгейінің төмен болуы, құрбы-құрдастарының арасында өзін теңдей сезінбеу, жартылай отбасынан шығуы, отбасының үнемі конфликтілік жағдаяттың орын алуы болып табылады.

Ғалымдардың айтуынша Л.М Ковалева, Ю.А. Александровский бейімделу процесі әр түрлі өтетін, бес балалар тобын көрсетеді.

1 топ - «Қалыпты» Психологиялық диагностиканың бақылау, мінездеме негізінде мына балаларды жатқызуға болады:

1. оқу жүктемесін жақсы меңгере алады және оқуда атаулы қиыншылықтарды көрмейді;

2. мұғалімдермен де құрбыларымен де өзара жақсы қарым-қатынаста, яғни өзара қатынаста қиыншылықтар туғызбайды;

3. психикалық және соматикалық денсаулығының төмендегеніне шағымданбайды;

4. тәртіптің ассоциалды формаларын көрсетпейді.

Бұл топтағы балаларда мектепке бейімделу толығымен сәтті өтеді. Оларда оқудың жоғары мотивациясы және жоғары танымдық белсенділік болады.

2 топ - «Қатерлі топ» - бұл балалар психологиялық жағынан қолдауды қажет етеді. Балалар оқу жүктемесін нашар меңгереді, әлеуметтік тәртіптің бұзылуының ерекше белгілерін көрсетпейді. Мұндай балаларда сәтсіздік ортасы жиі болады. Тұлғалық дамуында сәтсіздік көрсеткіштерінің дамуына әсер ететін қорқыныш және қысым деңгейі оқушыларда өседі. Сәтсіздіктің басталуының маңызды белгісі болып оқу мотивациясының жоғары деңгейде. Баланың өзін-өзі бағалаудағы адекватты емес көрсеткіші болуы мүмкін, өзара қарым-қатынас арасындағы бұзылыстары болуы мүмкін. Егер осы жағдайда ауруларының саны өссе, бұл қорғаныс

реакцияларының төмендеуінен мектеп өмірінде пайда болған қиыншылықтарды сезіне бастайды дегенді түсіндіреді.

3 топ - «Мектептегі тұрақсыз дезадаптация». Бұл топтың балалары оқу жүктемесін меңгере алмайтындығымен ерекшеленеді, әлеуметтенуі бұзылған, психосоматикалық денсаулығында айтарлықтай өзгерістер байқалады.

4 топ - «Мектептегі тұрақты дезадаптация». Бұл балалар мектептегі сәтсіздіктермен қатар, маңызды және сипатты белгі ретінде ассоциалды тәртіп көрсетеді: дөрекілік, демонстративті тәртіп, үйден қашу, сабақтарға қатыспау, сотқарлық мінездер, агрессия т.с.с. Оқушының ортақ формасындағы ең ауытқыған тәртібі – баланың меңгерген әлеуметтік тәжірибесінің бұзылуының нәтижесі, мотивациялық факторлардың бұрмалануы, бейімделген тәртіптің бұзылуы.

5 топ - «Патологиялық ауытқулар». Баланың дамуында айқын немесе айқын емес патологиялық ауытқулары болады, бұл елеусіз, бірақ оқудың нәтижесінде көрінеді, сонымен қатар ауыр, шиеленіскен аурудың нәтижесінде пайда болады. Патологиялық жағдайлардың көрінуіне мыналарды жатқызуға болады:

1) психикалық (невроздық және психопатиялық бұзылыстар, эмоционалды ерік – ортасында әртүрлі дәрежеде көрінетін психикалық дамуындағы бөгелістер);

2) соматикалық (тұрақты физикалық аурулардың бар болуы, ас қорыту, эндокринді жүрек-қан тамырлары жүйесінің бұзылуы, көзінің нашарлауы).

Сонымен, психологиялық бейімделу - баланың жаңа әлеуметтік ситуацияға енуі ретінде адекватты сипаты дамудың әлеуметтік ситуациясының тұрақтануының негізгі факторы болып табылады. Баланың мектепке келуі оқушыдан оның айналасындағы барлық қатынасының қайта құрылуын талап етеді. Психологиялық дайындық компоненттерін сипаттайтын мәселелер соңғы жылдары психология пәнінің дамуында балалардың мектептегі оқуға дайындығы ең маңызды орынға ие мәселелердің бірі болып табылады. Баланың жеке тұлғалық даму мәселелерінің сәтті шешім табуын нәтижелі болуы, оқыту сапасын жоғарылату, балалардың мектептегі оқуға дайындық дәрежесін есепке алумен байланысты.

Балада мектеп оқуына керекті компоненттердің бәрі де уақтылы қалыптастырып отырылуы керек. Әсіресе баланың оқу тапсырмасын қабылдай білу қасиетін, өйткені бұл қасиет баланың оқуға деген ынтасын көтеретін қасиет. Ал оқуға ынтасының көтерілуі баланың мектеп өміріне мейілінше аз уақытта бейімделуіне көмегін тигізіп отырады.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімдеу жұмысын табысты ұйымдастыру үшін төмендегі ұсыныстарды ескергеніміз жөн.

- 5-6 жастағылардың мектепке даярлық тобының мұғаліміне деген эмоционалды, жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру керек;

- 5-6 жастағылардың педагогикалық жұмыста сабақтастықты тек қана жұмыс істеу әдістерінде емес, сонымен бірге педагогикалық қарым-қатынас стилінде де сақтау керек;

- 1 сынып оқушыларының ұжымын қалыптастыру мен олардың тұлғааралық қарым-қатынасын ұйымдастыруда мектепке дейінгі және мектеп жұмыстарының әдістерін сақтау қажет;

- ең алдымен отбасы тәрбиесінде тәрбие әдістерін дұрыс жолға қойылған болуы керек, үлкен тәрбиелік мүмкіндіктерді бірігу әрекетінде орындау.

- 5-6 жастағы балалардың іс-әрекетіне жетекшілік етуде, кең көлемде (әсіресе, 1 жарты жылдықта) мектеп жасына дейінгі тәрбие әдістерін мектепте қолдануға болады.

МЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС БАР. ЖҰМЫСТЫҢ ЖЫЛУЫ



Ермаханова Жанат Токмырзақызы

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Сынып:2«А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы	Мен істейтін жұмыс бар. Жұмыстың жылуы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.2.1*- шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар:Өлеңді оқиды, түсінеді, бағалауға қатысады, топтық, жұптық,жұмыстарға қатысады; Көптеген оқушылар:Шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдайды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды үйренеді; Кейбір оқушылар: Суретке қарап қызықты әңгіме құрастырады;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру -Балалар, маған қараңдаршы менің қолымдағы не? - қардың түсі қандай? - қар қатты ма, әлде жұмсақ па? -балалар бүгінгі көңіл – күйлерің осы қардай аппақ болсын.(балалар бір – бірлеріне ақ тілектерін ұлпа қарды беріп тұрып айтады) Көрдіндер ме балалар? Жылы сөздер айтып едік қолымыздың жылуынан қарда еріп кетті.Енді бізге қонаққа апайлар келіп отыр, барлығымыз амандасайық. Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал кәнекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге, Сәлеметсіздер ме,апайлар! Үй жұмысын сұрау: «Фортуна» вертуалды ойыны арқылы:Б.Соқпақбаев «Шынықсын денеміз» Б.Ысқақов «Қыста қызық жұмыс бар» өлеңін жатқа сұрау. Балалар жылдың неше мезгілі бар? Жыл мезгілдерін атайық?	Қар - аппақ -қар жұмсақ -Денсаулығымыз мықты болсын - заманымыз тыныш болсын - білімді болайық - аспанымыз ашық болсын - барлығымыз тату – тәтті болайық. жылдың төрт мезгілі бар қыс, көктем, жаз, күз қыс мезгілі Тұңғыш президент күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекесін тойлаймыз. - қар жауып жердің беті ақ болады, шанамен	Күн бейнеленген топтамалар тарату арқылы бағалау ҚБ «қар ұлпалары»  Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау	Психологиялық ахуал Слайд https://wordwall.net/ru/resource/26228664

	Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінен еше ай бар? -Кәне қыс мезгілінің айаттарына тап беріңдерші? -Қазір қыстың қай айы? -Иә, қыс мезгілінің соңғы айы-ақпанайы. Желтоқсан қыс айларының бірі, осы айда қандай мерекелерді тойлаймыз? - қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? - Адамдар қыста біздер қалай киініп жүреміз? - Қысқы сырт киімдерді атайықшы? 1-тапсырма. Топтық жұмыс . Қысқы еңбек түрлерін ауызша ата. 1-топ: 2-топ: 3-топ: 4-топ: <table><tr><td>Малды күтуге байланысты</td><td>Үйді жылытуға байланысты</td><td>Үй шаруасы</td><td>Қысқы ойын түрлері</td></tr><tr><td>Шөп салу Су беру Жем беру Мал суару Қора тазалау</td><td>Көмір әкелу Көмір жағу Отын жару Отын дайындау Пеш тазалау Ағаш әкелу От жағу</td><td>Қар күреу Есік алдын сыпыру Мұз ою Қар тасу Отын жинау</td><td>Шанам ен сырған ау, шаңғы, коньки тебу, аққала жасау</td></tr></table>	Малды күтуге байланысты	Үйді жылытуға байланысты	Үй шаруасы	Қысқы ойын түрлері	Шөп салу Су беру Жем беру Мал суару Қора тазалау	Көмір әкелу Көмір жағу Отын жару Отын дайындау Пеш тазалау Ағаш әкелу От жағу	Қар күреу Есік алдын сыпыру Мұз ою Қар тасу Отын жинау	Шанам ен сырған ау, шаңғы, коньки тебу, аққала жасау	сырғанамаймыз, шаңғы тебеміз, аққала жасаймыз. - жылы киініп жүреміз - малақай, тон, етік, қолқап, шәлі. Дескриптор: 1. Тапсырманы белсенді орындайды; 2. Қысқы еңбек түрлерін атайды; 3. Бір-бірін тыңдап, толықтырады;	ҚБ «қар ұлпалары»  ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау ҚБ «қар ұлпалары»  ҚБ: Жапондық әдіс арқылы бір-бірін бағалау	Топтық тапсырмалар
Малды күтуге байланысты	Үйді жылытуға байланысты	Үй шаруасы	Қысқы ойын түрлері									
Шөп салу Су беру Жем беру Мал суару Қора тазалау	Көмір әкелу Көмір жағу Отын жару Отын дайындау Пеш тазалау Ағаш әкелу От жағу	Қар күреу Есік алдын сыпыру Мұз ою Қар тасу Отын жинау	Шанам ен сырған ау, шаңғы, коньки тебу, аққала жасау									
Сабақтың ортасы	-Ендеше балалар, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: Жұмыстың жылуы, авторы Қадыр Мырза Әли. «Кинометафора» әдісі арқылы Қадыр Мырза Әли туралы бейнежазба көрсету.  1935 жылы Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында туған. Еңбек жолын “Балдырған” журналынан бастап, ұзақ жылдар “Жұлдыз” журналында, “Жазушы” баспасында жұмыс істеген. Қадыр - шыншыл, зерделі, ұлттық ақын. Ақын қаламынан туған: “Күміс қоңырау”, “Ақ отау”, “Домбыра” және “Жерұйық” т. б. жинақтары бар. 2- тапсырма: ҰЖ «Түсініп оқы» «Жұмыстың жылуы». Өлеңді іштей оқу 1-топ: Жеке оқу 2-топ: Жұппен оқу 3-топ: Топпен оқу 4-топ: Өлеңді өз сөзімен әңгімелеу Сөздікпен жұмыс. Тұлып – малдың немесе аңның терісінен тігілген кең, ұзын тон. Қамсау – қалқа, жылу. Долы боран – алай-дүлей боран. Шөрке – кесілген ағаш.	Дескриптор: 1. Өлеңдерді дұрыс, түсініп оқиды; 2. Мәнерлеп оқуға талпынады; 3. Өлеңнің мазмұнын өз сөзімен әңгімелейді; 4. Бірін-бірі тыңдап, толықтырады; Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген	ҚБ «қар ұлпалары»  ҚБ: Үш шапалақ әдісі арқылы бір-бірін бағалау	https://youtu.be/CniBzyemzRo Оқылым, жазылым тапсырмалары Жазылым								

	Шым-шымдап – біртіндеп. Талдау. Дәптермен жұмыс Өзің қыста қандай жұмыстар атқарасың? Әңгімелеп жаз. Дескриптор: Қыста қандай еңбек атқаратыны туралы әңгімелейді, дәптерге жазады; Сергіту сәті: «Аққала биі» Жинақтау. Суреттегі еңбек түрін пазлдан құрастыр, әңгімеле. Дескриптор: Суреттегі еңбек түрін пазлдан құрастырады; Қыста қандай еңбек атқаратыны туралы әңгімелейді; «Жұбын тап» ойыны «Ұяшық таңдау» әдісі Бүгінгі сабағымызда кімнің шығармасымен таныстық? -Қадір Мырза Әли кім? -Өлеңнің аты не деп аталды? -Өлең кейіпкерлері кімдер? -Мәтіннің авторы кім? -Қ.Мырза Әлидің «Жұмыстың жылуы» өлеңінің негізгі идеясы қандай? -Өлең кейіпкерінің орнында болсаң не істер едің? -Жылуы бұл жұмыстың, Қызуы ғой бұл істің.-дегенді қалай түсінесің?	түріне қарай орындайды Пазлды құрастырады, қысқы еңбек түрлері әңгімелейді	ҚБ «қар ұлпалары» ҚБ: Бас бармақ арқылы бір- бірін бағалау ҚБ «қар ұлпалары» ҚБ: От шашу арқылы бір- бірін бағалау	тапсырм алары https://youtu.be/Hw6dqYt3Y https://www.jigsawplanet.com/?rc=p&lay&pid=23accf2068ec https://wordwall.net/ru/resource/28345236 https://wordwall.net/ru/resource/26215963
Сабақтың соңы	«Ақиқат», «Жалған» әдісі 1. Дала жылы, күн шуағын төгіп тұрды. 2. Бала үстіне тон киді 3. Апасы: -Менде тон киіп алайын деді. 4. Бала тонын киіп, үйде отыра берді. 5. Бала бар күш жігерімен отын жарды. 6. Бала жаурап, үйге кіріп кетті. 7. Апасы баласына ренжіді Үй жұмысы: Өлеңді мәнерлеп оқу, қыс туралы сурет салып келу. Кері байланыс: «Шыршаны безендір» «Тәтті себет» сыйлығы, оқушыларға, келген қонақтарға себеттен сыйлық сыйлау.	Сұрақтың ақиқат немесе жалған екенін анықтайды	ҚБ «қар ұлпалары» ҚБ: Жапондық әдіс арқылы бір-бірін бағалау Формативті бағалау 1-10 баллдық жүйе	https://wordwall.net/ru/resource/26226223

Тапсырмалар:

Үй жұмысы: «Фортуна» виртуалды ойыны арқылы сұралды.

1-тапсырма. Топтық жұмыс. Қысқы еңбек түрлерін ауызша ата.

1-топ: 2-топ: 3-топ: 4-топ:

Малды күтуге байланысты	Үйді жылытуға байланысты	Үй шаруасы	Қысқы ойын түрлері
-------------------------	--------------------------	------------	--------------------



Шөп салу Су беру Жем беру Мал суару Қора тазалау	Көмір әкелу, көмір жағу Отын жару, отын дайындау Пеш тазалау Ағаш әкелу От жағу	Қар күреу Есік алдын сыпыру Мұз ою Қар тасу Отын жинау	Шанамен сырғанау, шаңғы, коньки тебу, аққала жасау
--	---	--	--

2- тапсырма: ҰЖ «Түсініп оқы»

«Жұмыстың жылуы». Өлеңді іштей оқу

1-топ: Жеке оқу

2-топ: Жұппен оқу

3-топ: Топпен оқу

4-топ: Өлеңді өз сөзімен әңгімелеу

Сөздікпен жұмыс.

Тұлып – малдың немесе аңның терісінен тігілген

кең, ұзын тон.

Талдау. Дәптермен жұмыс

Өзің қыста қандай жұмыстар атқарасың? Әңгімелеп жаз.

Сергіту сәті: «Аққала биі»

Жинақтау.

Суреттегі еңбек түрін пазлдан құрастыр, әңгімеле.

«Жұбын тап» ойыны

Қамсау – қалқа, жылу.

Долы боран – алай-дүлейборан.

Шөрке – кесілгенағаш.

Шым-шымдап –

біртіндеп.




Баланың
үстіне
киген
киімі

«Ұяшық таңдау» әдісі

тұлып	Жұмыстың жылуы
Қадыр Мырза Әли	ақын, жазушы
Белін бұлып, жұмысқа тез кірісіп, ағашты мол жаруға тырысты	кесілген ағаш
апасы мен баласы	"От жағалық, құлыным!"

«Ақиқат», «Жалған» әдісі



Қыс мезгіліндегі от жағалаған үйдің ішін сыпаттап бер.	Өлең кейіпкерінің орнында болсаң не істер едің?
«Жұмыстың жылуы» шығарманың қай түріне жатады?	Өлеңдегі кейіпкердің бейнесін жағымды қисият қандай?
Өлеңнің мазмұнынан біз не үйрендік?	Жылуы бұл жұмыстың. Қызыу гөй бұл ісін – дегенді қалай түсінесің?
Кейіпкердің қандай қасиеті үлгі етіп алар едің?	К. Мырза Әлидің «Жұмыстың жылуы» өлеңінің негізгі идеясы қандай?

Апасының сөзі?

«От жағалық, құлыным!»	кесілген ағаш
Жұмыстың жылуы	Жұмыстың жылуы
тұлып	тұлып

Бүгінгі сабағымызда кімнің шығармасымен таныстық?

«От жағалық, құлыным!»	кесілген ағаш
Жұмыстың жылуы	Жұмыстың жылуы
тұлып	тұлып

Бала бар күш жігерімен отын жарды

Апасы: -Менде тон киіп алайын деді.

Дала қылы, күн шуағын төгіп тұрды.



МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДА ЖАҢАША ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ



Киякбаева Айгул Бекназаровна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Мектеп алды даярлық топ тәрбиешісі

Қазіргі білім жүйесінде жанашылықты талап етеді. топтағы бірлескен жұмыс ұйымдастырылған іс-әрекетінің мазмұнын берумен ғана шектеліп қоймайды, ол сонымен қатар тәрбиешінің ынтымақтастық атмосфераны қалыптасуы болып табылады. Тәрбиеші тәрбиеленушілер толық қарым-қатынастарына жағдай туғызу қажет. Олардың өз ойларын жеткізудегі қорқынышын көрсетпеу, керек жерде көмек көрсету. Өздерінің және басқалардың іс-әрекеттерін қолдай отырып өзін –өзі ұйымдастыруға тәрбиелеу. басқалардың пікірін тындауға және санасуға тәрбиелеу. сабақ барысында шығармашылық қабілеттерін көрсете біледі, пікір таласу деңгей жоғары. Осының бәрін ескере отырып мен сабақ барысында тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру үшін мынадай жұмыс жүргізуді шештім:

Тәрбиеленушілердің өзін-өзі ұйымдастыру білу қабілетін дамыту ойын арқылы

Тәрбиеленушілермен топтық, жұптық жұмыс көбірек өткізу

Сабақ барысында әр тәрбиеленушіге сенімділік білдіру

Топта тәртіп ережелерімен және нормаларын сақтауға көмек беру

Қортындылай келе отырып, ынтымақтастық атмосфераның қалыптастырудың басты қағидасы- бірлескен іс-әрекет, яғни тәрбиеленушімен тәрбиешінің, тәрбиеленушімен тәрбиеленушінің арасындағы ынтымақтастық әрекеті деп айтуға болады.

Тапсырмалар берілген кітапшасында берілген көрсеткіштермен тәрбиеленушілерді таныстырып, олар өздеріне сәйкес келетін көрсеткіштерін анықтады. Диалог арқылы адам өзіне керек ақпаратты алып тілін дамытады, адамның тілі арқылы ойы да дамиды. Диалогтік оқыту арқылы тәрбиеленушілерді сын тұрғысынан дамытып, жан-жақты білім беремін деп ойлаймын. Түйіндеп келгенде тәрбиеленушілер жеті модульдік тапсырмалары, жұппен, топпен жұмыс жасай отырып өзара әңгімелесудің нәтижесінде олардың тіл құралы жақсарып, сөз қоры молайып, достық қарым- қатынастары артып. өзін - өзі реттеуі қалыптасады. Диалогтік жұмыс ауызша сабақтарда пайдалану өте тиімді. Тіл дамыту сабағында диалогтік жұмыс кезінде тәрбиеленуші өз ойын айтуға үйреніп, пікір таласады. Білім берудегі диалогтік тәсілмен сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы тәрбиеші тәрбиеленушілерді тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады, тәрбиеленушілердің сыни тұрғыдан ойлануына ықпал етеді, тәрбиеленушілерге білімін қалыптастыруды қалыптастырады. Білім берудегі қиындықтар мен түсінбестіктерді айқындайды. Тәрбиеші осы білім берудегі мақсаттарын жүзеге асырса мінсіз тәрбиеленуші жасай алады. Бірлескен топтық жұмыс және жұптық жұмыс барлық топқа арналған сұрақтар мен жауаптар арқылы тәрбиеленушінің өзін-өзі реттеуін бақыладым. 1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол тәрбиеленушілердің оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, тәрбиеленушінің өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады. 4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, тәрбиеленушінің ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында тәрбиешілер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сын тұрғыдан пайдаланушыларға айналады. 5. Талантты және дарынды тәрбиеленушілерді оқыту

Талантты және дарынды тәрбиеленушілерге білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай тәрбиеленушілерді анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Тәрбиеленушілердің қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі. 6. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті балабақша балаларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық Аталған модуль білім берудің кезкелген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты топтардағы тәрбиешілердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды.

Мақсаты: Оқытудың 7 модулі туралы түсінік бере отырып, оқу мен оқытуда жаңа әдіс - тәсілдерді топтық жұмыстар арқылы қолдану тәрбиеленушілерді бітімге, келісімге қол жеткізуге үйрету.

Міндеттері: - Оқу мен оқытуда жаңа әдіс - тәсілдерді оқытудың тиімді әдістерін пайдаланып, жаңа білімді игеру;

- Топтық жұмыс нәтижесінде тәрбиеленушілердің әртүрлі ұстанымдармен алмасуға ықпал ету;
- Ынтымақтастық оқу жағдайында тәрбиеленушілердің құрбы - құрдастарымен қарым - қатынас жасай отырып, өз идеяларын ұсына білуге, әртүрлі ұстанымдармен алмасуы.

«Білімді ұрпақ – болашақ кепілі», - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу – әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаз іс – әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу – тәрбиеленушілердің білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал ұстаздар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Балабақшаның тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да - тәрбиеші. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені барлығына белгілі. Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – балабақшада. Ал балабақшаның негізгі міндеті – тәрбиеленушінің жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамыту, өздіктерінен ойлана алатын, ізденгіш саналы ұрпақ тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеті әр тәрбиеленушінің табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз тәрбиеленушіге оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға тәрбиешіге бірден – бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс – тәсілдерді таңдап пайдалану.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау, кез – келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінің, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

1. Қызығушылықты ояту 2. Мағынаны ашу 3. Ой толғаныс

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай мәселелерге қол жеткізеді:

Тәрбиеленушілер басқалармен қарым – қатынас жасай береді;

Басқаларды тыңдай білуге, кезкелген жауапқа сыйластықпен және түсінікпен қарауға үйретеді;

Өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды; Керек кезінде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді, оның дамуын қамтамасыз етеді; Ең бастысы – оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылады, сабаққа қызығушылығы артып, тәрбиеленушілердің белсенділігі өте жоғары болады;

1. Оқу – жазу орталығы; 2. Өнер орталығы; 3. Бейнелеу орталығы; 4. Жапсыр орталығы; Әрбір тәрбиеленуші осы орталықтар бойынша өз ойларын ашық жеткізді, бірлесіп, ұжымдасып жұмыс жасады, бірінің ойын бірі толық тыңдады және толықтырып отырды, барлық тәрбиеленуші толық қамтылды, бір

тәрбиеленушінің өз бетінше өлең шығаруға төселіп қалғанын, сөздік қорының мол екендігін көрсетсе, ал бір қызым 5 минуттық эссе жазып, өз ойларын толық жеткізе алды, сурет салу бойынша өз ойын жүйелі жеткізе білген тәрбиеленушілер көп болды. Тақырыптың жан – жақты мағынасы ашылып, тәрбиеленушілер көптеген мәліметтер жинақтады және ізденіс жұмыстарын жасады. Бұған дейін тәрбиеленуші тәрбиеші мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді сыни тұрғыдан ойланып өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналады.

Байқау, бекіту, есте сақтау кезеңдері бойынша тәрбиеленушінің түсінбеген жерлері қайта – қайта түсіндіру арқылы 85 % -ға жетті. Жұптық жұмыс түрлері тәрбиеленушінің бір – біріне деген сенімін арттырып, барлығы жақсы баға алуға талпынды. Сабаққа деген тәрбиеленушінің қызығушылығы артты, барлығы сабаққа белсене қатысты.

Сауат ашу, дүниетану сабақтарында қолданып жүрген «Таңертеңгілік жиын», «Шаттық шеңбері», «Топтастыру стратегиясы», «Венн диаграммасы», «Кубизм стратегиясы», «Сәйкестендіру» және «Болжау стратегиясы» тәрбиеленушілердің білім жинақтауда

жан – жақты ашыла түсуіне үлкен жол ашады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды орындауы шарт:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек. 2. Тәрбиеленушілерге ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру. 3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау. 4. Үйрену барысында тәрбиеленушілердің белсенді іс-әрекетін қолдау. 5. Кейбір тәрбиеленушілердің бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. “

Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау тәрбиешілер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Балабақша жұмысының бағдарламасына тәрбиеленушілерге көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті тәрбиеші өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті тәрбиешінің міндеті тәрбиеленушінің жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы тәрбиеленушінің өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы ояңған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін тәрбиеленушілер дайындалады. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Біздің міндетіміз - бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу», - деген пікіріне қосыла отырып, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеуде шаршамай еңбек ете білейік. Қорытынды: өзіміздің іс-тәжірбиемізді қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады.

1. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, тәрбиеленушілердің пәнге қызығушылығы артты. 2. Тәрбиеленушілердің білім сапасы көтерілді. 3. Тәрбиеленушілердің логикалық ойлауы, шығармашылық іс — әрекетке қабілеті артты. 4. Әр тәрбиеші болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр баланы жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, топ ұғымын қалыптастыруға, ата... аналармен ынтымақтасуға, оқытуда қиындық көріп жүрген тәрбиеленушіге көмегі тиері сөзсіз. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар тәрбиеленушілерді мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Тәрбиеленушінің қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі. 5-6 жасар тәрбиеленушілердің мектепалды даярлығы отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды топтарында немесе жалпы білім беретін мектептердің Дүние жүзілік тәжірибе тәрбиеленушілерді алты жастан бастап оқытудың пайдалы екенін растады және алты жастағы тәрбиеленушілерге тән білуге құмарлығы белгілі жүйемен қанағаттанып, және олардың дамуы қарқынды түрде жүре бастайды. Жаңа зертеулерде, тәрбиеленуші бес-алты жаста болатын интеллектуалдық деңгейдің 2\3 бөлігіне жететіндігін дәлелдеді. Мектепалды жастағы тәрбиеленушілерге білім беруде диагностикалық әдістер арқылы, олардың:

1. Дүниетанымдық түсініктерін анықтау. 2. Тапсырманы ауызша орындауын тексеру. 3. Тәрбиеленушілердің заттарды тану ептілігін анықтау. 4. Оқиғаның жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнатуға

бейімделуін қалыптастырады. Қорыта айтсам: Жалпы айтқанда, осындай жағдайларға байланысты тәрбиеленушілердің бойындағы тәрбиеленуші болу ықыласын, маңызды әрекеттерді орындауын, оқуды тәрбиеленуші ерік-жігер қасиетінің дамуының жеткілікті дәрежесін, кейбір арнайы білімдер мен дағдыларды игеруді және оқып, жаза білуін, санауды, математикалық есептерді шығаруды, тәрбиеленушінің таным әрекеттерінің және танымдық қызығушылығының даму дәрежесін, сонымен бірге ойлау қабілеттері, мектептегі оқуға ұсынылған жоғарғы талаптарға сай болуын, сөйлеудің дамуын, айналасындағыларға

байланыстырып, жүйелендіріп және түсінікті етіп, заттарды, суреттерді, оқиғаларды және т.б. игеріп алу ептілігін, тәрбиеленушінің жалпы әрекетке кірісуін, топ ұжымына үйренуін және топта өз орнын таба алатын тәрбиеленушінің жеке басының қасиеттерін жүріс-тұрысының әлеуметтік мотивтерін, жүріс-тұрысын игеру ережелерін және т.б. жатқыза аламыз.

Күтілетін нәтиже

Білу. Оқыту мен оқуда бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыру туралы білімдерін толықтырады.

Білуге дағдыланады: Оқытудың тиімді әдіс - тәсілдерін тиімді пайдалана алатынын көрсете алады, топта бірлесе отырып жұмыс істей отырып, өзгенің ойын құрметтей білуге үйренеді.

Меңгереді: : Өзін - өзі, өзгені бағалауды үйренеді

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ



Шамуратова Бибигул Ивановна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдында үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Осыған байланысты Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдовтардың жасаған жүйесі 3 негізгі құраушыдан тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.

Білім негізі бастауышта басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, өз алдыма мынадай мақсат қойдым: «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін оята отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау». Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.
2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.
3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай-ақ қайталауда да қолданылады. Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекеті белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденіс, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекеті – күрделі процесс. Ол іс - әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Танымдық іс - әрекет оқушылардың негізгі іс - әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік,

мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т. б. сипатталады. Бұл қызыға оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады.

Оны қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы:

- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

Оқу үрдісіндегі «есеп» оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын маңызды айғақтардың бірі екенін және есепті шешу үшін ондағы берілген шарттары мен талаптарды ескеру тиістілігіне баса назар аудару қажет. Оқушының математика сабағында шығармашылық қабілетін дамыту.

Шығармашылық: іс- әрекет, зейін, есте сақтауы, ойлауы. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында математика сабағын түрлендірудің маңызы зор. Таңертең тұрғанда күн дене жаттығуынан басталатынын сияқты сабақты «ой жаттығуларынан» бастауды әдетке айналдырдым:

- Жылдың бесінші айын ата.

- Бағдаршамның қай түсі жанғанда жолдан өтуге болады?

- Бүгін аптаның қай күні?

- Көз адамға не үшін керек? - 685 пен 687 арасында қандай сан бар?

Мысалы: Су. Судың қасиеті. Бұл тақырыпты өту барысында оқушыларды топқа бөлемін. Тәжірибелер жасау барысында оқушылар судың түссіз, мөлдір екеніне, оның ағатынына, жұғатынына, жабысатынына және табиғатта 3 күйде кездесетініне көздерін жеткізеді деп төмендегідей топтастырып құрастырады: мөлдір, түссіз, сұйық, Су жұғады, жабысады, ағады.

Сабақты қорыту мақсатында әр топқа тапсырма бердім:

I топ – эссе жазады «Су – тіршілік көзі»

II топ – сурет салады

III топ - өлең шығарады «Бес жолды өлең»

Эссе

«Су – тіршілік көзі» Бізге су өте қажет. Су болмаса біз өмір сүре алмаймыз. Біз суды күнделікті өмірде пайдаланамыз. Су түссіз, мөлдір болады. Сусыз жануарлар да тіршілік ете алмайды, өсімдіктер де өспейді. Сондықтан суды үнемдеуіміз керек.

Қазіргі кезде интерактивті тақталарды оқу үрдісінде қолдану қолға алына бастады. Бұл бастауыш білім беруді жетілдірудің, оның ішінде математикалық білім, дағдыны жетілдірудің келешегі. Сонымен бірге бастауыш мектептерге арналған мультимедиялық оқулықтарды жасау және пайдалану қолға алына бастады.

Қорытынды: өзімнің баяндамамды қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады:

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады.

2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.

3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.

4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс- әрекетке қабілеті артады.


5. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.



Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз.. Ойы дамыған шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ




Баймырзаева Турсынай Коктаубаевна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Бөлім	Сәулет өнері			
Педагогтің аты-жөні	Баймырзаева Т.К.			
Күні:	09.12.2022ж			
Сынып:	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Баяндауыш			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату; 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажыратады; Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 5 мин	Ынтымақтастық атмосферасы Өткен тақырыпқа шолу: «Меморри» Жаңа тақырыпты ашу «Фантазёрлар» ойыны. Суреттерге қарап сөйлемдер құрастырады. -Өте жақсы балалар! -Енді айтыңдаршы, жуды, ойнады, оқыды, көмектесті сөздері қандай сөз табы? -Дұрыс айтасыңдар. Етістік іс-қимылды білдіреді. Ал, іс-қимылдың иесі кімдер бұл сөйлемдерде? -Раушан, балалар, Самат, Арман. -Міне бұл сөздерді қандай сөйлем мүшесі деп айтады? -Ал, бастауыштардың іс-қимылын білдіретін сөздер баяндауыш деп аталады. Сабақтың тақырыбы: Баяндауыш	Сабаққа ынталары артады. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. -Раушан кітап оқыды. -Арман қолын жуды. -Балалар қармен ойнады. -Самат анасына көмектесті. -Етістік -Бастауыш Тақырыппен, сабақ мақсатымен танысады. Ережені оқиды.	Жұлдызшалар арқылы бағаланады. 	Интерактивті тақта, суретті сөйлемдер, үлестірмелі парақшалар.

	Сабақ мақсаты: Сөйлемнен баяндауышты ажырата білу. -Ондай болса, ережені түсініп оқимыз. 			
Жаңа білім 25 мин	9- жаттығу «Ілесіп көр» әдісі Бір бала мәтіннің бірінші сөйлемін оқып бастайды. Екінші сөйлемге үш бала қосылады. 3-4-сөйлемдерге бүкіл сынып қосылып мәтінді дауыстап оқып шығады. Дескриптор: -Мәтінді ілесіп оқиды; -Мәтін мазмұны бойынша сұрақ Дәптермен жұмыс. 10-жаттығу. Сөйлемдерді көркем жаз. Баяндауыштардың астын сыз. Бұл сөздер сөйлемнің қай мүшесі екенін сызып көрсет. Кіші үй теріс жерге тігіледі. Көпте басырмен тар-тылады. Шығармасы тым шығындалды. Дескриптор: Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады. Баяндауышты ажыратады. Сергіту сәті -Жақсы балалар, бойларыңды жазып алсаңдар сабағымызды әрі қарай жалғастырайық. 11-жаттығу. Жұптық жұмыс. «Сыңарын тап»  Дескриптор: Іс қимыл сөздерді ажырата алады. Ол сөздер сөйлемнің қандай мүшесі екенін біледі. Топтық жұмыс. 1-топ. Сәйкестендір 2-топ. Семантикалық карта 3-қатар. Тарсия әдісі Сабақты қорытындылау. «Баскетбол» ойыны https://wordwall.net/ru/resource/39027791	Дескриптор: Мәтінді оқиды. Дескриптор: Мәтінді оқиды. Негізгі ойды анықтайды. Мәтінге ат қояды. Қарсылас топқа 1 сұрақ әзірлейді Дескриптор Сөйлемдерді көркем жазады. Баяндауыштардың астын сызады. Сөйлемнің қай мүшесі екенін сызып көрсетеді. Іс қимыл жасап сергиді. Жұптасып сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздерді жазады. Сөйлемнің қай мүшесі болатынын айтады.	ҚБ:4 балл ҚБ:4 балл ҚБ:2 балл	Оқулық, дәптер Үлестірме парақтар.
Кері байланыс 5 мин	Кері байланысты «Принтер» әдісі арқылы береді. Рефлексия: «Белгі бер» Үй жұмысы: 12-жаттығу	Сабақтан алған білімін, үйренгенін айтады. Жинаған балдарын санап, тақтада көрсетілген суреттегі іс-қимылдарды балының санына байланысты қолмен көрсетеді.	ҚБ қойылады.	

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ



Кошкарлова Жанаргул Отесиновна
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 «№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
 Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналууда.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

Төменде ұсынылған қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері жоғарыда аталған факторлар есебінен анықталды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Сонымен, педагогикалық-психологиялық, лингвистикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде бұл ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемесі» деп атауымызға тура келді.

Әдістемелік құралды жазу мақсаты: Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемесін ұсыну.

Міндеттері:

- 1) Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық және педагогикалық негізін талдау;
- 2) Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін анықтау.

Кіріспе зерттеуге алынған мәселенің көкейтестілігінен, қарама-қайшылығы, проблемасы, мақсаты, объектісі, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, әдіснамалық және теориялық негіздерінен тұрады.

Бірінші тарау: «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негізі» деп аталса, екінші тарау «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемесі» деп аталады.

Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизмдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады.

Олар:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі

дербестігінің жоғары деңгейі);

- барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Оның алғашқысы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);

ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);

коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);

әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);

тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);

азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);

технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде оқулық мәселесіне ерекше тоқталған болатын.

Қорыта келе, бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады. Сондықтан да біз осы әдістемелік құралда бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін қарастыру барысында оларды тығыз байланыста, оқытудың мақсат-міндеттері мен мазмұнына тәуелділікте жүзеге асырудың маңыздылығын баса көрсеткіміз келді..

ТЕҢГЕ АЛУ.ЗАТТЫҢ АТЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР



Оспанова Алмагуль Сериковна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.4.2.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану			
Сабақтың мақсаты	Сюжетті суреттің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Өлеңнің қатесін түзеп жазады. Заттың атын білдіретін сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық дайындық «Теңге алу» ойынының ережесі түсіндіріледі. Сынып қатар болып, жұмбақ шешуден жарысады. Әр топ өз ұпайын асықты жерден алып, қорапшаға салады. Мұғалім төрт түлік туралы жұмбақтар айтады. Кім бірінші болып қол көтереді, сол қатардың оқушысы жауап береді. Егер де дұрыс жауап бермесе, келесі қатардағы оқушы жауап беруге мүмкіндік алады. Әр сұраққа ұпай беріледі. Басында екі таяғы бар, Иегінде сақалы бар. Бұл не? (Ешкі)	Психологиялық ахуалға берілген жұмбақтарды шешеді. Өткен сабақта алған білімдерін бекітеді және жаңа сабаққа назар аударады. Жұмбақтың шешуін айтады. Шешуі: ешкі.	ҚБ. «Бас бармақ» арқылы бағалайды.	Асық, қорапша
Ортасы	Ұйқасын тап. Төрт түлік төлінің суретін іліп қояды. Аттарын атап айтқызады. Бұл не? Алмастан тыным, Шабады ... құлын. Балалардың жауабын тыңдайды. Дұрыс, балалар, құлын ненің төлі? Жылқы туралы не білесіңдер? Балалар, жылқыны біз жем жеуге, я болмаса су ішуге шақырған кезде қалай шақырамыз? Балалар, жылқы малына қатысты қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Балалардың жауабын тыңдау. Балалардың ішінде тез әрі дұрыс жауап берген оқушыны жеңімпаз атау. Теңге алу туралы бейнежазбадан үзінді көрсету. Оқулықпен жұмыс 1-жаттығу. Мәтіннің мазмұнына байланысты	Ұйқасын табады. Жылқы туралы білетіндерін айтады. Сүтінен қымыз жасаймыз. Ол – өте пайдалы әрі дәмді табиғи сусын. Ал жылқының еті құнарлы. Қазысы одан да дәмді. Қырау-қырау. Бәйге, теңге алу, қыз қуу. Сұрақтарға толық жауап береді. Жаңа ақпаратпен танысады. Парақтағы кеңістікті бағдарлай	ҚБ. «Отшашу» арқылы бағалау. ҚБ. «Жұлдыздар» арқылы бір-бірін бағалау. «Балмұздақтар»	Теңге алудың суреті Жылқының суреті

	жүргізілетін жұмыстар: Мұғалім оқушылардың назарын өзіне аударады. Мәтінді өзі оқиды. Жеке оқушыларға оқытады. Теңге алудың суретін көрсетеді. Сөздік жұмысын жүргізеді. Мазмұнына байланысты сұрақтар қояды. Теңге алу қай жерде өтеді? Өздерің атқа мініп көрдіңдер ме? Балалар мініп жарысатын ат жарысы қалай аталады? 7. Оқушылар мәтін мазмұнын айтады.	білу. Жазу жолының жоғары және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтарынан шықпау. Әріптерді байланыстырып жазу.	арқылы бірін- бірі бағалау.	
	Дәптермен жұмыс. Жазылым ерекшелігі: дұрыс отырғызу, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қаламды ұстай білуді қалыптастыру. жаттығу. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құратады. Берілген сөздерді оқытады. Сөйлемді дұрыс құрау үшін қимылдың иесін тапқызады. Қимыл иесі сөйлемде бірінші тұратынына назар аудартады. Ал қимылды білдіретін сөздер қазақ тілінде сөйлем соңында келетінін айтады. Сөйлемдерді дұрыс құраған оқушылар тақтаға жазады. Артикуляциялық жаттығу. «Ат шауып келеді». Сергіту сәті жаттығу. Өлеңді тиісті сөздерді қойып оқытады. Шығармашылық жұмыс. Әріптердің арасына жасырынған сөзді табады. (Күн, ауа, су)	Көркем жазу Көкпар, бәйге сөздерін көркем жазады. жаттығу. Құраған сөйлемдерін дәптерлеріне жазады. «Қара жорға» биіндегі би қимылдарын жасайды. жаттығу. Тиісті сөздерді қойып оқиды. Өлеңнің ұйқасына мән беруі қажет.		
Соңы	«Адасқан суреттер». Топтар қораптағы үлестірмені алып, кезекпен тақтаға шығады. Кім? сұрағына жауап беретін суреттерді көк қорапқа, не? сұрағына жауап беріп тұрған суреттерді қызыл қорапқа салады.	Үлестірмемен жұмыс жасайды.	ҚБ. «Бағдаршам» арқылы бір-бірін бағалау.	Топтық тапсырмалар
Кері байланыс	Рефлексия. Оқушыларға «Бас бармақ» арқылы кері байланыс береді. Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса – мен түсіндім. Бас бармақ көлденең тұрса – мен түсінгендеймін. Бас бармақ төмен қарап тұрса – мен түсінбедім.	Сабактан алған әсерлерін бас бармақ арқылы көрсетеді.	«Бас бармақ» арқылы бағалау.	Кері байланыс тақтайшасы

«ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»



Дарибаева Женисгул Махамбетжановна

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, екінші санатты

Білімді болуға оқу керек.
Бай болуға кәсіп керек.
Күшті болуға бірлік керек.
Осы керектердің жолында
жұмыс істеу керек.
Ахмет Байтұрсынов

Ахмет...Ахмет ұстаз... Ұлт ұстазы...Ел мақтанышы...Қайтып келмес дара тұлға...Қазақ халқының қасқалдағы...Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы...

Ахмет атамyzдың есімі айтылғанда, жүрек тебіренбей, өмір жолы туралы сөз қозғалғанда, көзге жас келмей қоймайды. Елінің, қара домалақ қазақ баласының білімі үшін бар тағдырын арнаған ұстазға қандай теңеу айтсақ та, артық емес.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге, тілге өте бай, бейім халық. Тіліміздің қыр-сырын қиыннан қиыстырып, төтеннен төге сөйлейтін тапқыр да, ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, сөздің терең тамырына бойлап, алып ағаштай өркендетіп, қазақ әліпбиінің алғашқы түпнұсқасын енгізіп, қазақтың ұлы ұстазы, қазақ грамматикасын, қазақ тілінің негізін салған, әдебиеттану ғылымының қыр-сырын зерделеген, классик қоғам қайраткері, ұлт жанашыры – Ахмет Байтұрсынұлы. «Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем» демекші, салиқалы сөзімен елге жігер беріп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білген, әділ іс пен сөздің төрағасы атанған, даналықтың көшбасшысы да бола білген – Ахмет.

Қоғам құрушы – халық. Ал халықтың көзі – қырағы, мініңді көріп тұрады. Дүйім жұрт, халықтың мәдениеті мен рухани қазынасы жайында ұстаз әрдайым сөз етіп отырған.

«Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні зор жұмыс деп білемін», - деп түйіндей Ыбырай Алтынсарин жазса, Ахмет атамyz «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» - деп, балаларға көп үйретем деп, асығып, шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзалырақ екендігін, білімнің ең биік белес болғандығын жүрекке жеткізе білді. Бірақ тәрбиелік мәні зор әңгімелерді жазып, оқу – білім мен тәрбиені қатар қояды. Демек, халықпен бірге тыныстаған, қайғы – мұңына қайғырып, қуанышын бірге бөліскен Ахмет - әрдайым халқының қамын жеп, халқымен бірге қайғыра білді. Ең бастысы – өскелең жас ұрпақтың надандығын барынша басып, оқу – білімге шақырған. Ұлы ұстаз – өз өмірінен бас тартып, өмірін әдеби – шығармашылыққа, соның ішінде халықтың сөзін сөйлеп, сауатын ашуға, қазақтың қазақ екендігін танытатын кітаптар жазуға ғұмырын арнаған ұлт жанашыры.

Ұлт ұстазының «Тіл - құрал», «Маса», «Қырық мысал» кітаптары аты қандай әсерлі болса, мағынасы қандай тереңде екендігі қазақ ұлтына үлкен білім, тамған майы теңіздің тамшысынан артық құнды дүние екендігі анық.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде «Ахмет Байтұрсынұлының жүз елу жылдық мерейтойына» арналған, ұлт ұстазының шығармаларын жатқа мәнерлеп оқу сайысын көргенде, ол туралы фильм түсірілгенін естіп, рухани ұлт көсемінің есімін естігенде бір марқайып қаламын. Ғаламдық ұлт ұстазының, қоғам қайраткерінің, қазақ халқының тілін сүйген жанашырының, мәдениеттің данышпанның рухы биік, өшпестей есімі қалғанына тағы бір мәрте көзім жетіп, жүрек тыныштық табады. «Жақсының аты өлмейді» деген асыл сөз де, осыдан шықса керек. Иә, қандай ұлы адамды алсаңыз да, ең алдымен туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ахмет атамyz халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, ұлтын сүйген халқымыздың рухани көсемі бола білді.

«Әр жолы ойлап,
Ойыма бойлап,

Ұқтым тайыз, тереңді,
Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен,
Құлағы жоқ кереңді –
Ұқтыра алмай, сөз әуре,

Тек тұра алмай, біз әуре!», - деп ұлт ұстазы жырлағандай, Ахмет атамыздан асқан бұрынғы –сонды заманда қазақ даласында біз білетін тіл жанашыры болған жоқ. Қазақтың ұлт жанашырының қалдырған мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойғы жанында қорған болатын , бірден – бір сарқылмас қазынасы. Сондықтан да, Ахмет атамыз тұтатқан алау оттың шамшырағы ешқашан да сөнбес! «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған», - деп, сөзімді аяқтасам деймін. Заңғар ұстаздың салған ізіміен барша жас өскелең ұрпақтың тура жолынан таймасына кәміл сенемін! Ахмет Байтұрсынұлы– жүз жылда бір туар дара тұлға, елін сүйген ұлт жанашыры, ұлы ұстаз!

«ҰШҚАН ҰЯ" ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПкерлер қатынасы»



Дукалова Айгерим Бакбергеновна

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Оқушылар шығарманың композициясын тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдап және автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісіне талдау жасайды.								
• Кейіпкерлерге қатысты сөйлемдерді теріп жазып, автордың көзқарасына талдау жасайды. • Үзіндіде айтылған дәстүрді анықтап, маңыздылығын ашады. • Шығармадағы әже бейнесіне талдау жасайды.								
Бірлескен жұмыс (1, 2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету								
Уақыты	Сабақтың мазмұны							
1 минут Ұйымд астыру	Сәлеметсіздерме 8-сыныптың қазақ әдебиеті пәніне қош келдіңіздер! Сабағымыздың тақырыбы: ««Ұшқан ұя» повесіндегі кейіпкерлер қарым-қатынасы» Бүгінгі сабақта: Сенің білетінің: • Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінің жанрлық ерекшелігі Сенің меңгеретінің: • Кейіпкерлерге қатысты сөйлемдерді теріп жазып, автордың көзқарасына талдау жасайсыз • Үзіндіде айтылған дәстүрді анықтап, маңыздылығын ашасыз • Шығармадағы әже бейнесіне талдау жасайсыз							
3-5 минут Жаңа сабақ	Кіріспе сөз «Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ.» Н.Назарбаев Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау дегеніміз – шығарманың жекелеген бөлшектерінің ерекшеліктерін арнайы қарастырып, танып білу арқылы бүтінді айқын сезінуге себін тигізетін тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, жеке бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білуге болады. Айталық, шығарманы идеялық мазмұны жағынан, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан, сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Ал, поэзиялық шығарма болса интонациялық өзгешеліктері, ұйқасу түрі жағынан, әр түрлі шумақ, тармақтарды мазмұны жағынан талдауға болады. Әдеби шығарманың көркемдік, тілдік ерекшеліктерін зерттегенде, ұсақ, көзге түсе бермейтін сипат белгілеріне зер салып, сол арқылы көркем шығарманың бойындағы, құрылыс-бітіміндегі зор мәні бар қасиеттерін айқынырақ бағдарлауға ұмтыламыз. Шығарманың жекелеген бөлшектерін осылай әртүрлі қырынан талдағанда шығарманы тұтас қабылдағандағы алатын әсерімізді толықтырып, байыта түсетіні сөзсіз.							
1-3 минут Тапсырмалар	1-тапсырма. Берілген кестеге шығармадан атасына, әжесіне, әкесіне қатысты сөйлемдерді теріп жазып, автордың көзқарасына талдау жасаңыз. Дескрипторы: - шығармадан кейіпкерлерге қатысты сөйлемдерді көшіріп жазады - кейіпкерлерге деген автордың көзқарасына талдау жасайды <table border="1" data-bbox="183 2060 1236 2139"> <tr> <td>Кейіпкерлер</td><td>Шығармадан үзінді</td><td>Автордың көзқарасы</td></tr> <tr> <td>Атасы</td><td></td><td></td></tr> </table>		Кейіпкерлер	Шығармадан үзінді	Автордың көзқарасы	Атасы		
Кейіпкерлер	Шығармадан үзінді	Автордың көзқарасы						
Атасы								

Әжесі		
Әкесі		

Өзіңізді тексеріңіз!

Атасы	Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың ... Сонда Имаш бабам былай деген екен: Алатаудың қыраны мол еді – Қырағы болсын, құлыным. Қойнауы суға мол еді – Бұлағы болсын, құлыным.	Автор өзінің атасы Имаштың бата беруі арқылы тілге ұста, шешен, сөзге шалымды көсемдігін танытады.
Әжесі	Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен -саяқ. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі: – Момыштан сұрандар, Момыш біледі, – деп отырады екен. ...Таңертең әкем оны жақсылап сөгіп салып, басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жіберді. Сол екі ортада әжем енді Момынкұлды сағынып: – Әй, әлгі тентек неме қашан келеді? – деп қайта-қайта сұрай бергені ғой, жарықтық.	Бұл үзінділердегі автордың әжесі немерелерінің еркелігін көтере білетін мейірбан ғазиз жан. Сонынмен қатар қатал сыншы, айтқанын бұлжытпай орындататын адуынды, айбарлы тұлға.
Әкесі	Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күйінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. ... Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді. Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау- дамай – бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген.	Әкесі Момыш автордың баяндауы бойынша өз өңіріндегі табиғи ортамен, сан алуан қасиеттерімен ағайын, ауыл-аймаққа беделді болғандығы байқалады.

1-3
минут

Тәжіри
бе

2-тапсырма. Үзіндіде қандай дәстүр туралы айтылғанын анықтап, аталған дәстүрдің маңыздылығын ашыңыз?

Дескрипторы:

- үзіндіні түсініп оқиды
- үзіндідегі дәстүрді анықтайды

Әкем маған ататегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.
– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын.
– Мен Момыштың ұлымын.
– Момыш кімнің баласы?
– Момыш – Имаштың баласы.
Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.
Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.
Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.

дәстүрдің маңыздылығын ашады Өзіңізді тексеріңіз! Бұл

үзіндіде автор атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі өз ұрпағына жеті атасын үйрету дәстүрі берілген. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т. б. жеті атасының нақтылы есімдерін жаттап өседі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. "Жеті атасын білмеген жетесіз", «Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл, Құлағы мен жағын жер.» деген аталы сөз бар. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Жеті атаға толмай бір - бірімен қыз алыспайды. Үшіншіден, бір атадан тараған туыстар бір - бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластықта болады. 3-тапсырма. Шығармадағы әже бейнесіне талдау жасап, ашып жазыңыз. Жазушы әжесі туралы қандай естеліктермен бөліседі? Ол қандай кісі болған? Дескрипторы: кейіпкер бейнесіне талдау жасайды кейіпкер бейнесін ашып жазады Өзіңізді тексеріңіз! Туындыда кездесетін негізгі кейіпкерлердің бірі – ұрпағының байына қайсарлық пен батылдықтың, мейірімділік пен ізгіліктің, адамгершілік пен адалдықтың нәрін сіңдіре білген,

	Бауыржанның әжесі - Қызтумас. Әже бейнесі – шығармадағы өзіндік орны бар асқақ тұлға. Жазушы шығарманың өн бойында әже бейнесін тектіліктің, кемеңгерліктің діңгегі ретінде суреттейді. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже образы ерекше бір тебіреніспен бейнелейді. Суреткер өз өмірінің темірқазығына айналған тәлім мен тектіліктің негізін осы әжесінен алғандығын айтады. Бесік жырынан бастап, халық ауыз әдебиетінің небір үлгілерімен әже арқылы танысады. Өртүрлі өмірлік жағдаятқа байланысты аңыз-әңгімелерді әжесінің аузынан естіп, тәлім-тәрбие алып өседі. Шығармадағы әже тек ғазиз жан ғана емес, қатал сыншы, айтқанын бұлжытпай орындататын адуынды да айбарлы тұлға. Мұны жазушы өзі көрген жайттар арқылы ашады. Әжесі Момынкүл ағасына ашуланғанда қаталданып кетсе, сәлден соң, ашуы басылған соң, аналық қамқор көңілмен баласын іздей бастайды. Жазушы кейде әже бейнесін юморлық тәсілдермен де ашады. «Қазанның түп күйесіндей» болған ұлдарына өзі таңдап аққұба қыздарды айттыруы, біржағынан алғанда, езуартқызар жағдай болғанымен, оның астарында болашақ ұрпағының қамын ойлаған даналық ой жатыр. Бұл шығармадағы әже бейнесі тек Бауыржанның әжесінің бейнесі емес, бүкіл қазақ халқының танымындағы ұрпағын толыққанды адам етіп тәрбиелеп отырған әжелердің жинақталған бейнесі.
2 минут Бекіту	Бекіту: •Кейіпкерлерге қатысты сөйлемдерді теріп жазып, автордың көзқарасына талдау жасадыңыз. •Үзіндіде айтылған дәстүрді анықтап, маңыздылығын аштыңыз •Шығармадағы әже бейнесіне талдау жасадыңыз

КЕМ БЫТЬ? ЧАСТИ РЕЧИ



Далиева Маниук Танатаровна
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 «№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
 Орыс тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Раздел:		Раздел 4. Кем я хочу стать, когда вырасту		
ФИО учителя:		Далиева М.Т.		
Дата:		07.12.22		
Класс: 5 Урок 39		Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:	
Тема		Кем быть? Части речи.		
Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке		5.1.1.1- понимать общее содержание сообщения продолжительностью не более 2-3 минут, определяя тему текста; 5.2.4.1- создавать высказывание (рассуждение) на основе текстов.		
Цели урока		-понимает общее содержание сообщения, при этом определяя тему текста; -создает высказывание (рассуждение)на основе текстов.		
Ход урока				
Этапы урока	Действия педагога	Действия учеников	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 5мин	I.Организационный момент. - Давайте улыбнёмся друг другу. Пусть сегодняшний урок принесёт нам всем радость общения. Проверка домашнего задания	Эмоциональный настрой	ФО взаимооценивание	Эмоциональн ый настрой. (К) Игра «Хорошее настроение».
	II. Актуализация знаний (К)Послушайте стихотворение. Как вы думаете, о чём мы будем говорить на уроке? Определите основную мысль стихотворения. Психологический настрой. Я не знаю пока, кем я стану, И куда я работать пойду. То мне хочется стать капитаном, То командовать башенным краном... .- О чем это стихотворение? Вопросно-ответная беседа: Прогнозирование урока. -Какие профессии вы знаете? -Назовите их и произнесите на казахском,английском языке. Шофёр-жүргізуші -best man	Учащиеся прогнозируют тему урока		Аудиозапись Презентация Слайды Учебник  http://nsportal.ru/shkola/literatura/library/2012/12/20/prezentatsiya-po-biografii-vv-mayakovskogo

	Врач -дәрігер- doctor Учитель -мұғалім-teacher Плотник- ағаш ұстазы-a carpenter			
Середина урока 30 мин	III. Изучение нового материала Предложить учащимся послушать стихотворение В. Маяковского «Кем быть?» 1. Какие чувства вызывает у читателя/слушателя рассказ о той или иной профессии? 2. Какова основная мысль стихотворения? 3. Какова цель данного стихотворения? Работа в группах Стратегия «Фильтр идей» Собирать всё, что узнали по этому отрывку. В одну корзину собираем название профессий, а в другую корзину собираем подходящие по смыслу прилагательные 2 группа Стратегия «Карта истории» поможет вам продолжить путь из точки... А до точки Я... Какие иллюстрации можно сделать по содержанию стихотворения «Кем быть?» Дайте словесное описание каждого рисунка.	Учащиеся отвечают на вопросы -находит название профессий; -собирает подходящие по смыслу прилагательные; -создает рисунки по содержанию стихотворения; -дает словесное описание каждого рисунка;	ФО «Большой палец» ФО «2 звезды и 1 пожелание».	
	IV.Закрепление материала 1.Стратегия «Творческая мастерская» Прочитайте текст. Расскажите, как появлялись профессии? Выпишите из текста по два слова, которые обозначают предмет, признак, качество, действие. Словом, части речи... 2. Составление синквейна к слову профессия	Учащиеся читают выразительно текст; рассказывают, как появились профессии. Выполняют письменную работу, согласно условию. Составляют синквейн	Читает и рассказывает полным ответом – 2 балла Выписывает слова, разделяя их по частям речи -2 балла Составляет синквейн-2 балла	
Конец урока 5мин	Рефлексия. Стратегия «Нарисуй свой мозг». Сегодня я узнал ... Я научился ... Я смогу...		ФО похвала	
	Домашнее задание: Упр. 271. Прочитайте текст о жизни и творчестве В.В.Маяковского. Подготовьте выразительное чтение стихотворения «Кем быть?»			